



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

исследования по проблеме межличностных отношений в подростковом возрасте можно выделить следующее:

- внутригрупповая жизнь класса начинает формироваться и развиваться автономно от влияния взрослых. От подростка потребуется определенная социальная зрелость, конструктивность во взаимоотношениях для того, чтобы занять статусное положение, наладить устойчивые эмоциональные связи со сверстниками;

- результаты эксперимента показали, что характерными особенностями являются проявления тревожности разной степени, выраженная фрустрация потребности в достижении успеха, страх проверки знаний, низкая сопротивляемость стрессу, трудности во взаимодействии с учителем. Школьники имеют трудности преодоления социальных стрессов, то есть, возникающих в результате различных конфликтов, не соответствия оценке окружающих, критического отношения.

Список используемой литературы

1. Куницына В.Н. Межличностное общение. Учебник для вузов. / В.Н. Куницына, -Санкт-Петербург.: Питер, 2001.
2. Солдатова Е. Л. Психология развития возрастная психология. Онтогенез и дизонтогенез / Е. Л. Солдатова, Г. Н. Лаврова. – Ростов н/Д.: Феникс, 2000.- 384 с.
3. Шапарь В.Б. «Практическая психология. Психодиагностика групп и коллектива» Ростов-на-Дону «Феникс» 2006.- 209с.

УДК [159.9:316.6]:343.2

ҚЫЛЫСТЫҚ ТҮЗЕТУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ- АУТОДЕСТРУКТИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ ДАМУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК- ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СЕБЕПТЕРІ

Махадиева Асель Каратаевна

Махадиева Асем Каратаевна

aselek2287@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының оқытушысы, Астана, Қазақстан

Өз-өзіне зиян келтіру тұрғындардың барлық қабаттарында кездеседі, әсіресе әлеуметтік-экономикалық жағынан қолайсыз күйде тұратындар: жалғыздар немесе ажырасқандар, жалғыздықта тұратындар, жалғыз басты ата-аналар немесе әлеуметтік қолдаудан үлкен жетіспеушілік барлар (Мельцер және т.б., 2002). Өмірлік оқиғалар өз-өзіне зиян келтірумен екі бағытта тығыз байланысты. Біріншіден, өзіне зиян келтіру себебінің ықтималдығы арасында тығыз байланыс бар, ал саны және жанама әсерлер типін адам өмір ағымында басынан кешіре отырып хабарлайды. Оған виктимизацияны басынан өткізу және жыныстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болу жатады (Hawton и др., 2002a;.. Мельцер и др., 2002a).

Екіншіден, өмір оқиғалары, көбінде қарым-қатынастағы мәселелер, мүшесіне зақым келтіруді жасауына апаруы мүмкін (Bangroft и соавт., 1977). Сол уақытта өзін-өзі зақымдау физикалық ауыру болып табылады, көптеген адамдардың біршама бөлігі бұл актіні жылдамдататын фактор болып табылады деп хабарлайды (De Leo и соавт., 1999). Әлеуметтік және биологиялық ғылымдардың тұжырымы бойынша аутоагрессивті мінез-құлықтың қалыптасуы мен дамуына неғұрлым үлкен әсерді орта факторлары көрсетеді. Оған жататындар: физикалық жазалау, моральді жәбірлеу, әлеуметтік және сенсорлық оқшаулау, эмоционалды көрініске табынуды қосатын мықты тәрбие, сонымен қатар көп жинақталған мегафакторлар /1/. Отбасында балаға қатаңдықпен қатынас жасау оның құрдастарымен қарым-қатынас жасауындағы мінез-құлқында агрессивтіліктің жоғарлауына әкеліп қана қоймай, сонымен қатар неғұрлым кемелденген жасында зорлық көрсетуге бейімділіктің

дамуына әкеліп, физикалық агрессияны тұлғаның өмірлік стильіне айналдырады /2/.

Орта факторлары жөнінде айтқанда, әсіресе отбасы туралы Вандер Колка және Германның 1991 өзіне жарақат жасаған пациенттер арасында жүргізілген зерттеулерді көрсетуге болады. Олардың көпшілігі балалық шақтарында не физикалық немесе жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшырап, не қалыпты емес отбасылық атмосферада өздерінің міндеттерін қоятын ата-анасымен бірге өскендігі анықталған. Бұдан басқа, зерттеу барысында келесідей заңдылықтар анықталды:

- неғұрлым ерте шақта зорлық жоғары болған сайын, соншалықты ересек болған шағында мүшесіне зақым келтірушілікпен айналысуға тәуекел жоғары;

- жыныстық зорлық-зомбылық, физикалық немесе психологиялық зорлыққа қарағанда көпшілігінде мүшесін зақымдаушылыққа әкеледі.

Вандер Колка мен Германның қорытындысы дәлелденді: шын мәнісінде, өз-өзіне зиян келтіретін адамдардың көпшілігі, физикалық немесе жыныстық зорлық-зомбылықты басынан кешірген. Алайда дегенімен де «көпшілігін» барлығы деп көрсетуге болмайды. Мүшесін зақымдаумен немесе басқа да маңызды травмамен айналысатын кейбір адамдар мұндай күйді кешірмеген. Ғалымдардың қорытындысы бойынша осындай мінез-құлықтың дамуына бейім адамдар болады, ал басынан кешірген травма осындай бейімділікке итермелейді /3/.

Бұл зерттеудің соның ішінде пенитенциарлық мекеме психологтары үшін белгілі бір танымдық құндылыққа ие, себебі бостандықтан айыру орындарында мүшесін зақымдаушылық актісін жасайтындардың көпшілігі, шын мәнісінде өзінің отбасы аясында зорлық-зомбылықты басынан өткізген. Физикалық және жыныстық зорлық-зомбылыққа түсуден қорқу, оларды бас бостандығынан айыру орындарына түскеннен жылдам мүшесін зақымдаушылық жасауға итермелейді, әкімшіліктің қорғауымен мекеменің медициналық бөлімінде болу бірнеше уақытқа дейін оларды камерада бірге отыратындардан қорғайды.

Мүшесіне зақымдаушылық жасаудың негізгі басым себептері, ең алдымен мекеме іс-әрекетін ұйымдастырудағы мәселелер болып табылады:

- бақылау құрамы тарапынан кадрлар ағымының жоғары болуы, сержант құрамы аутоагрессивті мінез-құлыққа бейім адамдарға қатынасы бойынша арнайы танымдарды меңгермеген;

- кейбір қызметкерлерде кәсіби деформацияның элементтері кездеседі, яғни бұл бостандығынан айыру орындарында жәбірлеуге, қорлауға және сотталушылардың ар намысын төмендетуге апаратын шектеу қойылған тәсілдерді жасауға жол береді;

- Түзету мекемелерінің басшылары «таңдаулы» сотталушылар үшін жеңілдік жасап жатады. Мұндай жағдайлардан сотталушыларды айыру, олардың тарапынан басшылыққа пайдасыз әрекетті қайта түзеттіру мақсатында топтық мүшесін зақымдау формасын қолдаумен бүлікшілікке шығарады (ҚР ТЖБК мәліметі бойынша 2007 жылы республиканың түзету мекемелерінде 44 мың сотталушылар, 50% жоғары рецидивисттер);

- Мекеменің оперативті және режимдік қызмет тарапынан жұмыстың лайықсыз ұйымдастырылуы;

- Сотталушылар мен олардың туыстарының жазаны ары қарай тұрғылықты жері бойынша өтеу жөніндегі талаптарының дәйектелмеген ауытқу жағдайлары да кездесіп жатады.

2007 жылы Бас прокуратура Әділет министрлігінің ҚР Қылмыстық-түзету кодексі 68 тармағындағы қылмыстық түзету жүйесі Комитеті тарапынан сотталушылардың қамауға алынғанға дейін өмір сүрген аймақта жазасын өтеуді қарастыру бақылауға алмау дәйектері бар екендігін көрсетті. Бұл заңнамалық норма сотталушыларды түзету үшін қолайлы жағдай құруға бағытталған. Отбасымен байланыста болу халықаралық стандарт болып табылады, сотталушылардың туыстарымен қарым-қатынас жасауы ресоциализацияның маңызды құраушы бөлігі болып табылады (п.п. 37, 79 және 92 сотталушыларға жүгіну ережесінің минималды стандарты). Қазақстанның жеке аумақтарындағы сотталушылардың негізделмеген этаптары тұрғылықты жерінен туыстарымен байланыс жасау құқығына шек

қояды көтеріп жатады:

- топпен мүшесіне зиян келтіру себептерінің бірі теледидар бойынша сюжеттерді телетрансляциялау және ынтымақтас сотталушылардың осындай түрдегі қылмысты жасауын азғыруды Бұхаралық ақпарат құралдары арқылы берудегі жеткілікті үлкен қоғамдық резонанстың ушығуы болып табылады.

«Агрессия агрессияны тудырады» дегенді ұсынатын әлеуметтік үйрену теориясы бар. Басқа сөзбен айтқанда спорттық күрес немесе теледидарлық зорлық-зомбылық көрінісі агрессивті түртікілердің «ағымын» қамтамасыз етудің орнына, агрессияға бейімділікті күшейтуі мүмкін /4/. ТЖБК ведомстық нормативті актілерінің қатарында оперативті, режимдік, психологиялық және басқа қызметтердің жұмысын реттеуде жеке жақтардың реттелмегендігі байқалады. Нақты белгіленген құқық нормаларының жоқ болуы, әрбір жақ шешілмеген заң шығарушылықты өзінше көрсетеді, сотталушылар әдетте «тікелей тиым салынбағандардың барлығы – демек рұқсат етілген» принципін басшылыққа алады. Соңында қызығушылықтарының қарама-қайшылықта болуында біз топпен мүшесіне зақым келтіру түріндегі бағынбаудың демонстративті актісін байқаймыз, яғни бұл жағдайда сотталушылар әкімшілікті бопсалау үшін жағдайды өте ұтымды қолданады.

Еліміздің қылмыстық – түзету жүйесінде жүргізіп жатқан реформаларға қарамастан, жағдай жақсы жағына қарай өзгеріп отырған жоқ. Бас бостандығынан айыру орындарындағы істің шынайы күйі және қылмыстың жеке түрлерін жасаудың себептері жөнінде толық ақпарат алу үшін біз қоғамдық мекемелер мен фондтардың пікірлерін зерттеуіміз қажет. Олардың пікірінше бас бостандығынан айыру орындарындағы мүшесіне зақым келтірудің себептері төмендегідей:

1) 2007 жыл 26 наурыздағы «қылмыстық-түзету жүйесі сұрақтары бойынша ҚР кейбір заңнама актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу жөнінде» Заңың қабылдағаннан соң әрекет етіп отырған заңнаманың қатаң болуы, түбінде жағдай өзгеріп шықты, өкінішке орай жақсы жағына қарай емес. Құқық қорғаушылардың пікірі бойынша, көпшілігінде әкімшіліктің заң талаптарына бағынбауы жөніндегі тармақ, қазір сотталушылардың кез келген қарсылықтық ұмтылысын криминализациялайды;

2) Сотталушылардың шағым түсіруі және міндетті түрде қарау құқықтарының бұзылуы;

3) ВИЧ-ке міндетті түрде «құпиялы» тестілеуден өту, бостандыққа шыққан сотталушылардың құрт ауруынан мәжбүрлі түрде емделу, шартты - босатылғандарды ішкі істер органдарының қадағалауы жөніндегі және басқа да нормалар маңызды мәселені тудырып отыр.

Бас бостандығынан айыру орындарында кез келген сотталушыларда заңда көрсетілген шектеулерге қатысты көңілі толмаушылық пайда болады. Көңілі толмаушылық жиі әкімшілік өкілдеріне, сотталушыларға қатысты жауластыққа дейін өсіп, түрлі себептерге байланысты дау-дамай пайда болып отырады. Сотталушылар мен әкімшілік өкілдері арасында пайда болған дау-дамай өте жиі жағдайды алмастыру үшін ғана ауыр қылмыстарды жасауға апарады. Мұндай адам осындай қатынастағы ұзақ мерзімді тағы да алатынын ойламайды. Оның ұмтылыстары бір нәрсеге саяды: кез келген нәрсе, тек бұл колония, түрме, адамдар емес /5/.

Мекеме қызметкерлері әрқашанда орынды себептер сотталушылардың мүшесін зақымдаушылыққа апара бермейтінін ескеру керек, олар өздерінің көңілі толмаушылықтарын жылдар бойы ұстап келіп, алайда мәнсіз оқиға адекватты емес реакцияны шақырып, яғни фитилияның рөлін орындауға қабілетті болуы мүмкін.

Мұнда сылтау жөнінде сөз болып отыр. Мүшесін зақымдаушылық үшін сылтау кез келген нәрсе болуы мүмкін. Оның ішінде ең кең таралғандар мыналар:

- бас бостандығынан айыру фактісінің өзі;
- үкімді өзгеріссіз қалдыру (қылмыстық істі қайта қарау, кассационды инстанция шешімі);
- бас тарту: рақымшылық жасау, колониялық – қонысқа ауыстыру, қылмыстық –

мерзімінен бұрын босату;

- ШИЗО, карцерге орналастыру;
- ПКТ ауыстыру;
- Жалғыз камераға ауыстыру;
- Заңды қызығушылықтары мен құқықтарының бұзылуы;
- Гомосексуалды байланысқа күштеп бейімдеу;
- Сотталушылардың көркемөнер ұйымдарына қатысуға тарту;
- Түзету мекемелері және т.б. «мәжбүрлі» бірлесу жағдайы.

Қолданылған әдебиет

1. Берно-Беллекур И.В. Социально-психологические аспекты аутодеструктивного поведения. – СПб, 2003.- С. 197.
2. Польская Н.А. Предикторы и механизмы самоповреждающего поведения. Психологический журнал. 2009.-№1(43) – С. 96–105.
3. Turp M. Hidden Self-Harm: Narratives from Psychotherapy. London: Jessica Kingsley Publishers Ltd, 2002.- p.9-16.
4. Farberow NL. Indirect self-destructive behavior: Classification and characteristics. Norman L. Farberow (Ed.). The Many Faces of Suicide. New York: McGraw-Hill Book Company.1980.-P.12-13.
5. Simpson MA. Self-mutilation. Philadelphia: Temple University Press.1980.-P.18-19.

УДК 159.947.5 : 159.923

«ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС» МАМАНДЫҒЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІ МОТИВАЦИЯСЫ

Манасбаева Арай Исембайқызы

manasbaeva@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Әлеуметтану кафедрасының аға оқытушысы, психология магистрі, Астана, Қазақстан

Мақаланың мақсаты – әлеуметтік жұмыс бағытындағы студенттердің оқу іс-әрекеті мотивациясының мазмұнын талдау. Жұмыстың әдісі және әдіснамасы – ғылыми зерттеулерді, әдебиеттерді талдау, студенттерге зерттеу жүргізу. Студенттердің оқу іс-әрекетінің мотивациялық сферасы көпкомпонентті және түрлі деңгейлі болып табылады. Бірінші курс студенттерінен бесінші курс студенттеріне дейін танымдық және әлеуметтік мотивтердің бір деңгейінен келесі деңгейіне біртіндеп өту байқалады. Мотивациялық сфераның ішкі құрылымдық динамикасына әсер етуші факторларға оқу іс-әрекеті мен тәрбиелік жұмысты ұйымдастыру, қарым-қатынас ситлі, оқу түрлері мен формалары жатады.

Кілт сөздер: мотивация, оқу іс-әрекеті мотивациясы, мотив, білім алу мотивтері, тұлғаның мотивациялық сферасы, әлеуметтік жұмыс мамандығы студенттерінің оқу іс-әрекеті мотивтері.

Жоғарғы оқу орнындағы оқу үрдісінің тиімділігі студенттердің оқу іс-әрекеті мотивациясының, болашақ кәсіптерін меңгеру мотивациясының жоғарылығымен тікелей байланысты. Білім берудегі негізгі ерекшелік, білім алушыны оқуға мәжбүрлеу мүмкін емес, оларда оқу іс-әрекеті мотивациясы, оқуға деген ниеттері болуы қажет. Мотивацияны және құндылық бағдарларды қалыптастыру тұлға дамуының бөлінбес бөлігі болып табылады. Оқу мотивациясы құрылымының қалыптасу үрдісі жоғарғы оқу орнында оқудың алғашқы күндерінен басталады, ал оқу тиімділігі әрбір нақты жағдайдағы мотивация күші мен құрылымына байланысты.

Оқу іс-әрекеті мотивациясы – жаңа білімдер алуға итермелеуші, оятушы бағытталған іс-әрекет. Ол алдыға қойылған мақсатқа жетудегі жетістіктің негізгі факторларының бірі.